

УДК 004:027.7 (094)

**XIX ҒАСЫР ЖАЗБА ДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕГІ ОРТА
АЗИЯЛЫҚ ТҮРКІЛЕРДІҢ ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ
КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ ВИРТУАЛДЫ КІТАПХАНАСЫ**
VIRTUAL LIBRARY HISTORICAL AND ETHNOGRAPHIC
COLLECTION CENTRAL ASIAN TURKS IN WRITTEN SOURCES IN
XIX CENTURY

Э.АЛЬЖАНОВА*
А.КАСЫМБЕКОВ***

Түйіндемe

Мақалада XIX ғасырдың жазба дереккөздеріндегі орта азиялық түркілердің тарихи-мәдени мұрасына қатысты сирек кездесетін материалдарды жинақтау, талдау және жүйелеу негізінде ғылыми құндылықтарға еге құжаттардың электрондық каталогтары мен арнайы мәліметтер базасын жасау қарастырылған. Сонымен қатар деректерді тиімді іздестіру мен өңдеу әдістері және алгоритмдеріне негізделген бағдарламалық кешенді қолданып, тарихи-этнографиялық коллекциялардың халықаралық коммуникативтік форматтарда сипатталған виртуалды кітапханасын құру мәселесі қойылған.

Кілт сөздер: Автоматтандырылған кітапхана жүйесі, арнайы деректер базасы, виртуалды кітапхана және корпоративтік желі, әдістер, алгоритмдер және бағдарламалық кешен, тарихи-этнографиялық коллекциялар.

Summary

The paper deals with the creation of electronic catalogs and specialized database of rare books and manuscripts in written sources of the cultural heritage of Central Asian Turks in the XIX century on the basis of data collection, analysis and systematization of materials that have scientific value; Shows the formulation of the problem building a virtual library of historical and ethnographic collections, focused on international communication format based on methods and algorithms for optimal search and processing of data using software package.

Keywords: automated library systems; specialized database, a virtual library and a corporate network; methods, algorithms and program complex; historical and ethnographic collections.

* тарих ғылымдары кандидаты, «Тарих» кафедрасы. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor Department of "History", International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasavi, Turkestan-Kazakhstan, Elmira.Alzhanova@iktu.kz

** техника ғылымдары кандидаты, «Компьютерлік ғылымдар» кафедрасы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан. Candidate of Technical Sciences, Associate Professor Department of "Computer Science". International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasavi, Turkestan-Kazakhstan, abbazbek.kasimbekov@iktu.kz

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың әлемнің бәсекеге қабілетті 50-ел қатарына ену Стратегиясының алтыншы басымдығында атап көрсеткендей: «Біз орта азиялық түркілердіңғасырлар бойғы дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтап әрі дамыта отырғанымызбен қатар, ұлтаралық және мәдениаралық бірлікті, ынтымақтасқан Қазақстан халқының ілгерілеуін қамтамасыз етудеміз», шетел мұрағаттары мен ғылыми мекемелерінен елдің тарихы мен мәдениетіне қатысты көптеген мұрағат құжаттары алынды. Ғылыми-тарихи құндылыққа, тарихи-мәдени мұраға ие мұрағаттық құжаттарды кешенді зерттеу, оны оқу үдерісіне енгізу – күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі саналады. Сондықтан, бұл көзқарас осы ХІХ ғасырдың іргелі ғылыми еңбектерін заманауи тарихи шындық мен құндылықтар жүйесі шеңберінде ой елегінен өткізу және де сол сараланған мәліметтердің баршаға қолжетімділігін қамтамасыз ету – «Мәдени мұра», «Тарих толқынындағы халық» және де т.б. сол сияқты Мемлекеттік бағдарламалардың негізгі мақсаттарын қамтиды. «Орта Азия түркілерінің ХІХ ғ. жазба дереккөздеріндегі мәдени мұрасының виртуалды кітапханасы» тақырыбы бойынша, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті тарапынан ұсынылып отырған ғылыми жобаның нәтижелерін, жоғарыда аталған бағдарламалардың іске асырылу барысында жасалған байсалды қадамдардың бірі деп санауға болады.

Себебі, Түркістан өлкесінің өткен шағы туралы құнды материалдарын өзіне жинақтаған дербес арнайы мәліметтер базасын құруда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану барысында жүргізілетін ғылыми зерттеулердің деңгейін арттырып қана қоймай, өлкемізге тиісті мәдени мұраларымызды жинақтап бірізділендіру, жүйелеу бойынша орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын тиімді үйлестіріп, тұтынушыға шынайы ақпараттық ресурстарды ұсынуға мүмкіндік береді.

Алдын ала өткізілген ғылыми зерттеулерге жасалған ретроспективалық шолулардың нәтижелері көрсеткендей, Орталық Азия халықтарының мәдени мұрасы болып есептелетін, ішінде бірегей және толық мәтінді материалдар келтірілген ХІХ ғ. жазба дереккөздері посткеңестік кеңістік, жақын және алыс шет елдердің кітапханалары мен мұрағаттарында сақталған.

Бір-бірінен уақыт өтімі мен міндеттері жағынан алшақ осы коллекциялар Орталық Азия жазба дереккөздеріндегі мұраны түрлі

аспектілер тарапынан талдауға мүмкіндік береді. Осы көріністерді салыстыру Түркістан өлкесіндегі жағдайдың ерекшеліктерін анағұрлым бедерлі түрде жаңғыртып, Қазақстан мен жалпы Орталық Азия республикалардың сол кезеңдегі жазба дереккөздеріндегі мәдени мұра құрылымдық элементтерінің тарихын аңғаруға мүмкіндік береді.

Солардың қатарында XIX ғасыр аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан және Орталық Азияның басқа да республикалары туралы жарияланған түпнұсқалық құжаттар мен фотосуреттерден жинақталған құнды ақпараттар мазмұндалған «Түркістан жинағы» мен «Түркістан альбомы» аталады.

“Түркістан альбомы”, 1871-1872 жылдары Түркістан генерал губернаторы жобасы бойынша Санкт-Петербург университеті шығыс тілдері факультетінің түлегі А.Кун құрастырған [1]. Мұнда отаршылдықтың қасірет қамытын киген Түркістан өңіріндегі қазақ жұртының тыныс-тіршілігі, өмір сүру үлгісі, Сырдария аймағындағы көне қалалар, мазарлар, Ахмет Ясауи кесенесіндегі жәдігерлер өз бояу-өрнегімен берілген. Альбомда, Бүкіл түркі жұртының алтын бесігі аталған киелі Түркістан өлкесінде XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Ұлы Түркі Елінің бір бөлігі – қазақ даласы тарихының жаңа беттері ашылады. “Түркістан альбомы” атты кітап-альбомда туған жердің тарихы мен мәдениетін қадірлей білетін баршаға ұмытылмас бағалы сыйлық болатындай, берер тағылымы, көрсетер үлгісі бөлек суреттерден тұрады.

А.Левшин, И.Андреев, Ф.Ратцель секілді Түркістан аймағын, қазақ халқын жан-жақты зерттеп зерделеген, соның нәтижесінде арттарына мол мұра қалдырған ғалымдардың мақаласы альбомда үш тілде қатар берілген. Онда қазақтың салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, ел мен жер атаулары туралы жазғандары көп жайдан хабардар етеді. Әсіресе, орта азиялық түркілердің өмір ерекшелігі тайға таңба басқандай анық көрініс тапқан. Алуан түрлі суреттерден ұлтымыздың сол дәуірдегі түр-түсінен, киім киісінен, қазақтың қараша үйінен оның ішіндегі жасауларынан, ұлттық үлгілерінен, өмір сүру дағдыларынан сыр шертеді. Әсіресе Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесіндегі алуан түрлі жәдігерлер, бұйымдар әдемі бейнеленген. Жалпы, бұл альбом арқылы бүгінгі өркениетті дамуымызға сондай қилы кезеңдерден өтіп барып жеткенімізді бағамдауға мүмкіндік беретін рухани дүниеміздің көне құндылықтарының бірі екендігі анық.

Біз үшін, әлбетте, қазан төңкерісіне дейінгі Орталық Азия түркілерінің XIX ғ. жазбаша дереккөздеріндегі тарихи-этнографиялық

ресурстарға арналып жазылған кітаптар, мақалалар, жазбалар, карталар, кестелер мен суреттердің топтамасы келтірілген «Түркістан жинағы» [2] қызығушылық тудырады. Онда көптеген әр түрлі саяхаттар мен экспедициялар материалдарында өлкенің табиғи жағдайлары туралы ғана емес, сонымен бірге оның тарихы, экономикасы, этнографиясы, археологиясы, құқықтары, статистикасы жөніндегі шын мәнісіндегі (жолжазба, очерк, есеп формасындағы) қызықты мәліметтер келтірілген.

Жинақта Түркістан өлкесінің, қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның жекелеген бөліктерінің тарихы, қазақ хандары мен сұлтандары туралы материалдар; Түркістан өлкесінің Ресейге қосылуына, Бұқара, Хиуа және Қоқан (мұнда Бұқара әмірлігіне, Хиуа хандығына және т.б. бағынышты осы Орта Азия иеліктерінде өмір сүрген қазақтар туралы мәліметтер де аз емес) хандықтарына қарсы әскери әрекеттердің жеңісіне арналған кітаптар мен мақалалар бойынша біршама материалдар ұсынылған. Әр түрлі тарихи басқыштардағы қазақ даласының әкімшілік құрылыстары, Жетісу қалалары тарихы, қазақ даласына енгізілген басқару туралы Ережелерге қарсы туындаған қазақтар арасындағы толқулар келтірілген.

«Түркістан жинағында» қоныс аударушылар мәселесі бойынша көптеген әдебиеттер бар: қоныс аударушылардың тарихы мен олардың көшіп-қону барысы, қоныс аударылған орыстардың экономикалық жағдайлары; орыс шаруаларын қоныстандыруға қажетті жердің мүмкіндігінше мол қорын табу және олардың егіншілік үшін жарамдылығын анықтау, қазақтардың жер пайдалану нормаларын белгілеу, осылардың нәтижесінде қазақтардың «артық жерінің» көлемін анықтап, онан қоныс аудару қорын құру туралы да деректер келтірілген. Сонымен қатар, көшпелі қазақтардың жекелеген рулары, олардың таралуы және рулық өзара қарым-қатынастардың шекаралары жайлы жазылған авторлардың жұмыстары да үлкен қызығушылық тудырады.

«Жинаққа» көптеген зерттеушілер мен ғалымдардың кеңінен белгілі жұмыстарын, ағымдағы оқиғалар туралы көптеген түсініктеме берушілердің әр түрлі жазбалары мен мақалаларын кіргізе отырып, В.И.Межов және оның ізбасарлары Орталық Азия түркілерінің тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен өнегелі істері, түрлі салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары (үйлену, кісіні жерлеу) туралы мол мәліметтерді, жоқтау

мәтіндерін, ұлттық ойындарының мазмұнын ашатын ойын аттарын көрсететін барынша кең кескіндеме (полотно) жасап шығарған.

Ө.Диваевтің, И.А.Кастанъенің, Г.Н.Потаниннің және т.б. этнография (атап айтқанда, қазақтың наным-сенімдері, ырымдары, жорамал-жоралғылары) бойынша, қазақтың ауызша тараған халық шығармашылығы (батырлар жырлары, жыраулық қиссалары, эпостары, мысал әңгімелері, аңыздары, өтірік өлеңдері, ертегілері, мақал-мәтелдері, поэмалары мен басқа да төрт түлік малға, жыл, ай аттарына арналған жыр шумақтары мәтіндері, оларға берілген түсіндірмелер) туралы, сондай-ақ қазақ оқымыстысы Ш.Уәлиханов, қазақ ағартушы ақындары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин шығармаларының аудармалары жөніндегі еңбектерінің барынша толық тізімі келтірілген.

«Жинақта» қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның сот құрылысы, қарапайым құқықтары, жер-су құқықтары жайлы статистика, жекелеген облыстарының демографиялық мәліметтері, ауылшаруашылығы статистикасы жөніндегі жұмыстары да ендірілген.

Кітапта тарихшылар үшін республиканың халық шаруашылығы туралы да көптеген қызықты материалдар бар. Онда жергілікті халықтың және басқа жақтан қоныс аударған тұрғындардың жер және мал шаруашылықтары жағдайын көрсететін материалдар кездеседі, жергілікті билік тарапынан көрсетілген қысымдар, сондай-ақ көршілес Ресеймен пошталық, телеграфтық байланыстарын орнату, жол қатынастары, өлкенің су шаруашылығын реттеуге бағытталған кейбір іс-шаралар да арқау болған.

Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның өнеркәсібі тек жекелеген аз ғана иеленушілер арқылы көрінетіні белгілі. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін кішігірім зауыттар ғана болған. Табиғи ресурстарға өте бай өлкенің тау-кен өнеркәсібін пайдалануға, Түркістан-Сібір темір жолы құрылысын жобалауға қатысты деректер де келтірілген. Сонымен қатар, жинақта өлкенің медициналық қызметі мен халыққа білім беру саласының жағдайын көрсететін материалдар да баршылық.

Төңкеріске дейінгі зерттеушілердің көп томдығында біз үшін тарихи үлкен маңызы бар карталардың орын алғандығы да қуантады. Бұл тарихи, геологиялық, археологиялық, этнографиялық карталар, қазақтың жерін пайдалану картасы, Орта Азияның және оның жекелеген бөліктерінің, оның ішінде Қазақстанның картасы. Библиограф мамандар түсіндірмесімен берілген суреттер өлкенің

өмірін әр түрлі жақтарынан ашады: Шымкент қаласының, Ембі бекінісінің, Түркістанның және т.б. пейзаж болмысыменен жазылған суреттемелері, жекелеген тұрмыс құралдары – үй құралдары, ат әбзелдері, күймелі арба, киіз үй жабдықтары; портреттік топтар – қазақтардың жерленген адамдар басына орнатқан сағаналары, кесенелері, балбал тастар, жерлеу рәсімдеріне қатысты құрылыстар және т.б.

«Түркістан жинағына» енгізілген шет елдік әдебиеттер материалдарына жасалған шолулар көрсеткеніндей, Түркістанның далалы өлкесінде болған шетелдік саяхатшылардың жазбалары да орын алған [3,4]. Бәрінен бұрын, бұл жұмыстар жолжазбалық сипатқа ие, ондағы тарихи, этнографиялық және статистикалық мәліметтер бірқатар географиялық суреттемелермен жанамалай келтірілген. Кейбір кітаптар мен мақалалар жеке (климаты, ауа райы, жануарлар әлемі және т.б.) мәселеге арналып жазылған. Бұдан басқа Жинақта біздің отандастарымыздың шет тіліне аударылған еңбектері де бар.

Жинақ материалдарын зерттей отырып, біз өлкенің барлық өмірін – әлеуметтік-экономикалық даму жағдайынан бастап өндірістік күшіне, бай ресурстарына дейінгі қал-ахуалын, бұрын болып өткен тарихи зерттеулерін, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, өнегелі істерін көз алдымызға елестетіп, қайта қалпына келтіруге; Н.М. Пржевальский, И.В. Мушкетов, Н.А. Северцов, Н.А. Маев, В.Ф. Ошанин, А.П. Федченко және т.б. сол сияқты аса көрнекті географтардың, этнографтардың, тарихшылардың зерттеу еңбектерімен, ғылыми экспедициялық жазбаларымен танысуға болады.

Бүгінгі күндегі қалыптасқан жағдайда, бұл құндылықтарды іргелі түрде зерттеу үшін мүмкіндіктер жеткілікті, яғни оларды біріздендіріп жүйелеу және каталогтандыру үшін қажет болған материалдардың сандық форматтағы нұсқалары бар. Мұндай түрдегі мәліметтердің үлкен қорлары, қайта өңдеу мен жүйелі талдауды қажет етеді және оларды халық игілігіне пайдалану үшін, тұтынушыларға ыңғайлы түрде ұсыну керек.

Бірақ, бұл аталмыш жинақтағы ақпараттық деректер түрілерінің сан алуандылығы мен көлемінің үлкендігі және құрылымдық кейіпінің ретсіздігі соншалықты, оларды зерттеу үшін қолданыстағы дәстүрлі әдістер мен құралдардан пайдалану жеткіліксіз. Қажетті релевантты материалдарды жедел түрде іздестіріп тауып, оларды өңдеу, жүйелі талдау және құрылымдау үдерісі негізінде қалыптастырылған

электрондық кітапханалардан пайдалану үшін заманауи технологияларға негізделген бағдарламалық кешендер қажет [5,6].

Тарихи-этнографиялық ресурстардың сипаттамаларының виртуалды коллекцияларын, әсіресе сирек басылымдар мен қолжазбаларды, құруды қамтамасыз етуде, зерттеулер өткізу мен әдістерді және қолданбалы бағдарламалық кешендерді дайындау, корпоративтік компьютерлер торабында жұмыс істейтін ақпараттық жүйе құрамындағы арнайы «Түркістан жинағы мен альбомы» деректер қоры мен ондағы өлкесінің тарихына, мәдениетіне, ғылымына қатысты көне қолжазбалар мен сирек кездесетін ақпараттық ресурстарына қашықтықтан қолжетімділікті қамтамасыз етуші бағдарламалар кешені, жобаның жаңалығы болып табылады.

Арнайы мәліметтер базасы мен бағдарламалық кешеннің қолданыстағы аналогтарымен салыстырғанда: әмбебап құрылымды библиографиялық ақпарат сипаты (MARC, DUBLIN CORE) халықаралық стандарттарға бағытталады; соңғы қолданушылар (оқытушы, ғылыми қызметкер және т.б.) арнайы білімсіз ақпарат көзіндерін (оқулық, мақала және т.б.) енгізуге және сонымен қатар, корпоративтік желіде істеуге; зерттеушілерге электрондық ресурстарға онлайн қолжетімділігін, электрондық каталог арқылы түрлі ақпараттық ресурстардың толық және тиімді іздестірілуіне, зерттелінетін тақырыптың ақпараттылығын арттыруға; виртуалды тарихи-этнографиялық коллекция жасақтауда автономды режимде және корпоративтік желіде жұмыс істеп, олардың орналасқан жеріне байланыссыз қажетті ақпараттармен шұғыл қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайтын ерекшеліктерін атап өтуге болады.

Ғылыми жобаны орындау барысында зерттеудің келесідей негізі әдістері мен формалары: тарихнама, деректану, мұрағаттану, ақпараттық қамсыздандыру нысандарының жүйелі талдануы, мәліметтерді іздестіру мен өңдеу; графтар теориясы; оңтайландырудың математикалық амалдары мен заманауи Web-технологияларды қолдану қарастырылған.

Күтілетін ғылыми және әлеуметтік-экономикалық нәтижелер келесі мүмкіндіктерді береді: стохастикалық және айқын емес ақпараттық орта жағдайында қиын тұжырымдалатын есептерді шығару класының мүмкіндіктерін айтарлықтай елеулі дәрежеге арттыру, сондай-ақ ғылыми-білімдік ақпараттарын іздестіру кезінде стохастикалық заңдылықтарды айқындау; ғылыми ақпараттардың виртуалды ортасындағы іздестіру мүмкіндіктерін және қатысушылар

арасындағы мәліметтерді алмастыру тиімділіктерін кеңейтуді беретін корпоративтік автоматтандырылған кітапханалар жүйесі құрамындағы бағдарламалық кешенде зерттеу нәтижелерін іске асыру; қолданушыларды қажетті ақпараттармен қамтамасыз ету және автоматтандырылған корпоративті кітапханалық тораптарда сұраныстарды тұжырымдауды интеллектуалдандыру және тиімділеу есебінен олардың релеванттылығын арттыру, іздестіріліп отырған ақпараттардың толықтығын арттыру нәтижесінде жергілікті және регионалдық қолданушыларға ақпараттық қызмет көрсетудің сапасын жақсартуға мүмкіндік жасалынатын болады. Бұлар, өз кезегінде ақпараттық ресурстардан және электрондық кітапханалардан пайдаланушылар қауымының шеңберін кеңейтіп, әлеуметтік салаға әсер ететін ақпараттық қызмет көрсету түрлері мен сервистерін кеңейту мүмкіндіктерін береді.

Стохастикалық және айқын емес бұлыңғыр ақпараттық орталардың бұрын зерттелмеген бағыттардағы салалары үшін ғылыми-білімдік ақпараттарды іздестіруді және өңдеуді интеллектуалдандыру деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін инновациялық технологиялар және бағдарламалық өнімдер жасалып; халықаралық талаптарға жауап беретін стандарттар бойынша электрондық оқулықтар, диссертациялар, ғылыми мақалалар, мультимедиалық (оқу кино-, мультипликациялық фильмдер, музыкалық шығармалар және т.б.) мәліметтер базаларын кіріктіре отырып, толық мәтінді ғылыми-білімдік ресурстар қалыптастырылатын болады. Сондықтан бұлардың салдары релевантты ақпараттарды іздестіру, өңдеу және тарқатып беру шапшаңдығын арттыратын корпоративтік тораптардағы сұраныстарды тұжырымдауды жеңілдетуді интеллектуалдандыру есебінен ғылыми зерттеулер мен технологияларды дамытуға айтарлықтай ықпал ететіні сөзсіз.

Ғылыми жобаның зерттеу нәтижелерін келесі: корпоративтік ақпараттық-кітапханалық тораптарда ғылыми-білімдік ақпараттарын іздестірудің және өңдеудің стохастикалық заңдылықтарын зерттеу үшін; айқын емес бұлыңғыр сұраныстар бойынша мәліметтерді іздестірудің және өңдеудің қиын тұжырымдалатын есептерін шешу үшін; ғылыми-білімдік мәліметтері базасында мәтіндік ақпараттардың ұқсастарын іздестірудің қолданбалы есептерін интеллектуалдандыру; сондай-ақ, стохастикалық және айқын емес ақпараттық орталар жағдайындағы ғылыми-білімдік ақпараттық ресурстар туралы

мәліметтерді қалыптастыру, іздестіру және өңдеу процестерін интеллектуалдандыру бағыттар бойынша қолдану мүмкін.

Зерттеулер барысында алынған нәтижелердің мақсатты тұтынушылары: ғылыми зерттеу және білім беру мекемелері; электрондық кітапханалардың ғылыми-білімдік ресурс мәліметтерінің базасын жасауға, жетілдіруге және іске асыруға мамандандырылған коммерциялық мекемелер болулары мүмкін. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының ғалымдары мен оқытушылары, PhD-докторанттар, магистранттар, студенттер мен ҚР БЖҒМ жүйелеріндегі басқа да мекеме қызметкерлер қауымының өкілдері пайдаланулары мүмкін.

Сонымен, қойылған мәселелерді қорытындылай келе, өлкесінің тарихы мен мәдениетін зерттеуші ізденушілер тарапынан, аталмыш дереккөздердегі қажетті материалдарды жүйелендіріп, мәліметтерді тиімді іздестіру мен өңдеу нәтижесінде виртуалды тарихи-этнографиялық коллекциялар құру мүмкіндігін беретін заманауи бағдарламалық кешендер мен арнайы мамандандырылған мәліметтер базасын қалыптастыруға деген нағыз шынайы қызығушылық пен орасан зор қажеттілік туындап тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Межов В. И. *“Туркестанский сборник”*. Систем. указатель сочинений статей на русском и иностран. языках. Т. 1-591. Санкт-Петербург, 1878-1917гг.;
2. *«Туркестанский альбом»* // составитель А.Кун, I-IV часть 1-10 том, Ташкент: Типография при главном штабе Туркестанского военного округа, 1871-72гг.;
3. *Le Recueil turkestanais de Mežov: l'utopie d'une somme exhaustive des connaissances sur l'Asie centrale*, in *Études Asiatiques* (sous la dir. d'Anke von Kügelgen), 2011, LXV, n° 3, p. 625-659;
4. *Private Collections of Russian Turkestan in the Second Half of the 19th and Early 20th Century*, ANOR-15 (Institut für Orientalistik, Halle, Mittelasienswissenschaft Humboldt-Universität, Berlin, and University of Lausanne), Berlin: Klaus Schwarz Verlag, 2004, 205 p.
5. Kasimbekov A., Alzhanova E. *Some search features of electronic resources in information systems in the International Conference Science: Integrating Theory and Practice Bozeman*, MT, USA February, 23-24, 2014. p. 213-215;
6. *Технология создания и использования научно-образовательной информации в сети электронных библиотек: Ежегодный сборник/ По редакции М.А. Рахматуллаева*. – Ташкент: E-LINE, 2013. – 130 с.